

Қостанай облысы елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын бекіту туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 28 шешімі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4-3) тармақшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Костанай облыстық мәслихатының төрағасы

C. Ещенов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

Санитариялық-эпидемиологиялық

бақылау комитеті Қостанай

облысының санитариялық-

эпидемиологиялық бақылау

департаменті" республикалық

мемлекеттік мекемесінің

(РММ) басшысы

Е. Даuletbaev

"___" 2023 жыл

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

Қостанай облысының

полиция департаменті"

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Е. Файзулин

"___" 2023 жыл

"Қазақстан Республикасы

экология, геология және табиги

ресурстар министрлігі

экологиялық реттеу және

бақылау комитетінің

Қостанай облысы бойынша

экология департаменті"

РММ басшысы

Т. Сабиев

"___" 2023 жыл

"Костанай облысы әкімдігінің
энергетика және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
басқармасы" ММ басшысы

Д. Аскarov
"___" 2023 жыл

Мәслихаттың
2023 жылғы 7 маусымдағы
№ 28 шешімімен
бекітілді

Костанай облысы елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Костанай облысы елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Өсімдіктер дүниесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 62 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31996 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және Костанай облысының елді мекендерінің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар қосымша құқық нормаларын қамтymайды.

Қағидалар мемлекеттік орман қоры учаскелерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй аумақтарында, саяжай учаскелерінде өсетін жасыл екпелерге қолданылмайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыш және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау, көріз, энергиямен жабдықтау құрылыштарын, жабындар құрылғыларын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін

азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластанудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумактарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;

2) ағаштарды кесу – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы заң) 2-қосымшаның 159-тармағына сәйкес уәкілдегі органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу жөніндегі жұмыс;

3) ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу – уәкілдегі орган айқындаған участеклерде жүзеге асырылатын ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу жөніндегі жұмыс;

4) дендрологиялық жоспар – құрылыш салу аймағын ескере отырып, көгалдардың, аландардың, жолдардың, су айдындарының ашық участеклерімен үйлесімділіктегі өсіп түрған және отырғызылуы жоспарланып отырган ағаш-бұта өсімдіктерінің жасыл екпелерінің сандық және түрлік құрамы көрсетілген жасыл екпелерді орналастырудың схемалық құжаты;

5) жалпыға ортақ пайданылатын жерлер – аландар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (ортак пайдаланудағы инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;

6) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, өркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғау салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сұңгекті жасарту үшін жарамды ересек ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктікегі діндерін кесу;

7) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағашы бар көгалдандырылған аумақ;

8) жасыл екпелер – азаматтық заңнамаға сәйкес жылжымайтын мүлік болып табылатын және бірыңғай қалалық жасыл қорды құрайтын, табиғи өсікен және жасанды отырғызылған ағашты-бұталы және шөпті өсімдіктер;

9) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін зақымдану;

10) жасыл екпелерді күтіп-баптау және қорғау – жасыл екпелерді, көгалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құруға, сақтауға және молықтыруға (оның ішінде кесілген жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;

11) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылыш жұмыстарының нүктесіне түсетін, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

12) жасыл екпелерді орман-патологиялық зерттеу – зиянкестердің (жәндіктердің) болуын арнайы зерттеу, ауру белгілері мен ошақтарының болуын, діндерде, тамыр

жүйесі мен ұшарбаста зен ауруларымен (паразиттермен) зақымдану белгілерінің болуын анықтау. Егер екпелердің 50 (елу) %-дан астамы аурулардан зақымданған болса, онда олар міндettі түрде кесілуі тиіс;

13) жасыл екпелерді түгендеу (тал басын қайта есептеу) – көгалдандыру объектілерінің сандық және сапалық сипаттамаларын толық сипаттай отырып, оларды есепке алу жөніндегі іс-шаралар кешені, сондай-ақ жоспарлы негізде әрбір көгалдандыру элементін графикалық бейнелеу;

14) жасыл екпелер тізілімі – жасыл екпелердің типтері, түрлік құрамы, алаңының көлемі, жай-қуйі және орналасуы туралы деректер жиынтығы;

15) жеке тұрғын үй – үй маңындағы участкеде орналасқан және шаруашылық және басқа да құрылыштармен және жасыл екпелермен бірге азаматтың меншігіндегі, жеке (отбасында) тұруға арналған үй;

16) заңсыз кесу – уәкілетті органның рұқсатынсыз жүзеге асырылатын ағаштарды кесу;

17) көгалдандырылған аумақтар – шығу тегі табиғи өсімдіктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендері мен объектілері, бульварлар, скверлер, көгалдар, гүлзарлар орналасқан жер участкесі;

18) көгалдандыру жөніндегі ұйым – шарт негізінде елді мекен аумағындағы жасыл еспелер мен ортақ пайдаланудағы көгалдандырылған аумақтарды көгалдандыру, күтіп-баптау, күту қызметтерін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

19) көгал – шөп жамылғысы мен басқа да өсімдіктерді қамтитын, тротуардан, тұрақ қалталарынан, тұрақтардан және жолдың өзге де элементтерінен жиектас таспен және (немесе) әшекейлі қоршаумен қоршалған абаттандыру элементі (жер участкесі);

20) күтіп-баптау жөніндегі жұмыстар – өсімдіктердің жерасты және жерусті бөлігін күтіп-баптау (коректендіру, суару, қопсыту, санитариялық-профилактикалық іс-шаралар және өзге де іс-кимылдар);

21) мәжбүрлі түрде кесу – авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды кесу;

22) өтемдік отырғызу жоспары – отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, құнтізбелік мерзімін, сондай-ақ жоспарлы негізге орайластырылған отырғызуды орналастырудың графикалық схемасын қамтитын кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;

23) өтемдік отырғызу – уәкілетті орган дендрологиялық жоспарға сәйкес айқындаған арнайы участкелерде кесілген ағаштардың орнына отырғызу;

24) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыш объектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

25) санитариялық кесу – авариялық жағдайлар туғызатын (электр беру желілерінде, газ құбырларында жатқан, ғимараттардың шатырын бұзатын, жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін) ауру, құрғап бара жатқан, құрғақ және зақымдалған бұтақтарды кесу;

26) санитариялық мақсатта ағаш кесу – жасыл екпелердің санитариялық жай-күйін жақсарту мақсатында жүргізілетін ағаш кесу (ішінара, жаппай), бұл кезде ауру, зақымданған, қураған және қураған ағаштар кесіледі;

27) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

28) уәкілдегі орган – жасыл екпелердің күтіп-баптау және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

29) ұшарбасты қалыптастыру – белгілі бір эстетикалық түр беру және жасыл екпелердің жасарту мақсатында олардың солып қалуына әкеп соқтырмайтын, пішіндеуге келетін бұтақтар мен өркендерді, жекелеген ағаштарды, бұталарды және жолдағы екпелерді кесу;

30) шағын сәулет нысандары – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын объектілер (мусіндер, фонтандар, барельефтер, گүл құмыралары, павильондар, күркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

31) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыштар, қоршаулар, құрылыш алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және занды немесе жеке тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ.

2-тарау. Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың тәртібі

3. Барлық санаттар мен түрлердегі көгалданырылған аумақтар елді мекен шекараларындағы көгалдандыру жүйесін құрайды, елді мекеннің жасыл қорына кіреді және мемлекеттік орман қоры участеклерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй мен жеке қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай участеклерінде өсетін жасыл екпелерді қоспағанда, рекреациялық, орта құрайтын және санитариялық-қорғаныш функцияларын орындаиды

4. Жасыл екпелерді жасауды жергілікті атқарушы органдар ғылыми ұйымдардың ұсынымдары негізінде жүзеге асырады.

Жеке және занды тұлғалар жергілікті атқарушы органдар айқындастырылған участеклерде өз қаражаты есебінен жасыл екпелер жасайды.

5. Жергілікті атқарушы органдардың жасыл екпелер алғып жатқан аумақтарда, оның ішінде саябақтарда, скверлерде, бульварларда, ұйымдардың санитариялық-қорғаныш аймақтарында және өзге де өнеркәсіптік объектілерде құрылыш салу немесе оларды

реконструкциялау туралы шешімдер қабылдауы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және қоғамдық тыңдауларды міндettі түрде өткізу арқылы жүзеге асырылады.

6. Елді мекендердің жасыл қорын дамытудың негізгі мақсаттары, функциялары:
экологиялық теңгерімді сақтау;
оңтайлы температуралық режимді сақтау, оның ішінде жазғы кезенде;
аяу ылғалдылығын сақтау;
ластанған ауаның адсорбциясы (пайдаланылған газдар, кәріз, өрттер, жинақталған коммуналдық қалдықтардың иісі және ауаны ластаудың басқа көздері);
белгілі бір аумакта ластануды және басқа да теріс әсер ету нысандарын сіңіру, тазарту, өзге де жою;
сәндік-эстетикалық, қолайлы өмір сұру ортасын қалыптастыру болып табылады.

7. Жасыл қор мен қоршаған ортаны қорғау және сауықтыру жөніндегі шараларды жеке және заңды тұлғалар осы қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

8. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің көгалданырылған аумақтарын дамыту дендрологиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

9. Жасыл екпелер елді мекеннің бас жоспарына сәйкес жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде жасалады.

10. Рекреациялық аймаққа жат Жатын ортақ пайдаланудағы жерлердің аумағында рекреациялық аймақтың жұмыс істеуіне тікелей байланысты емес жаңа өнеркәсіптік, коммуналдық және қойма объектілерін, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыштарды орналастыруға (салуға) және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге жол берілмейді.

11. Объектілерді жобалау және салу кезінде құрылым-монтаждау жұмыстары болжанатын участкениң аумағында бар жасыл екпелерді барынша сақтай отырып, объектіні салуға берілген жер участкесін көгалданыруды көздеу қажет.

3-тaraу. Жасыл екпелерді есепке алууды жүргізу тәртібі

12. Жасыл екпелердің барлық түрлері:
 - 1) есепке алу объектісінің шекарасында орналасқан жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу;
 - 2) осы қағидалардың 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелердің жерсінүү актісін толтыру;
 - 3) жасыл еспелер тізілімін жүргізу;
 - 4) дендрологиялық жоспарды әзірлеу арқылы есепке алынады.

13. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізу жөніндегі қызметтер шарттық негізде жергілікті бюджет есебінен және (немесе) басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүргізілуі мүмкін.

14. Уәкілетті орган жасыл екпелерді түгендеге және орман-патологиялық зерттеу материалдарының көшірмесін жасыл қормен жұмыс істеу кезінде ұсыным ретінде пайдалану үшін тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің әкімі аппаратына жібереді.

15. Жасыл екпелерді есепке алу нәтижелерін көрсететін құжаттар ресімделген түгендеге, орман-патологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ электрондық және қағаз жеткізгіштерде жасалатын дендрологиялық жоспарға енгізілген өзгерістер болып табылады.

16. Есепке алынған жасыл екпелер осы қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелер тізіліміне енгізіледі.

17. Жасыл екпелердің тізілімі мен есебін уәкілетті орган қағаз және электрондық жеткізгіштерде жүргізеді.

18. Жасыл екпелерді есепке алууды жүргізу мыналарды қамтиды:

1) жасыл екпелердің саны, түрлік құрамы және жай-күйі туралы дұрыс деректерді есепке алу және алу;

2) елді мекеннің жасыл екпелерді қорғау, сақтау және көгалданырылған аумақтарды дамыту саласындағы саясатының негізгі бағыттарын айқындау;

3) халықты және мұдделі тұлғаларды елді мекендердегі жасыл екпелердің саны, жай-күйі және қоршаған орта туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету;

4) елді мекен аумағындағы жасыл екпелердің жай-күйін талдау;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарда жасыл екпелерді тиімді басқару үшін бірынғай ақпараттық база құру, оның ішінде жасыл екпелер санының қолданыстағы құрылыш және санитариялық нормаларға сәйкестігін белгілеу;

6) көгалданырылған аумақтарды күтіп-баптау, күрделі жөндеу және оларды қайта жанарту жөніндегі жұмыстарды регламенттеу;

7) көгалданырылған аумақтардың меншік иелерін айқындау және олардың сақталуы мен жай-күйіне жауапты занды және жеке тұлғаларды белгілеу;

8) қаланың көгалданырылған аумақтарын ұтымды пайдалануды ұйымдастыру;

9) көгалданыру жобаларын, күтім жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарларын жасыл екпелерді күтіп-ұстасу, күтіп-баптау және пайдалану жөніндегі ұсынымдар әзірлеу.

19. Дендрологиялық жоспарды елді мекен шекарасы шегінде құрамында экологтары және (немесе) дендрологтары бар дендрологиялық зерттеулер қызметтерін көрсететін ұйымдарды тарта отырып, уәкілетті орган әзірлейді.

20. Дендрологиялық жоспар екі бөліктен тұрады.

Бірінші бөлім – картографиялық бейнеден тұратын, онда әрбір жасыл екпе реттік нөмір беріледі және қайта есептеу ведомосімен сүйемелденеді. Картографиялық бейнеде жасыл еспелерден басқа, көшелерді, жолдарды (жұру бөлігін) қоса алғанда, құрылыш салу аймағын және ортақ пайдаланудағы орындарды ескере отырып, көгалдардың, аландардың, жолдардың, су айдындарының ашық участкері көрсетіледі.

Екінші бөлім – сипаттама, онда көгалданырылған объектінің сәйкестендіру сипаттамалары, дендрологиялық жоспардың сәйкестендіру сипаттамалары, өсіп тұрған жасыл екпелердің сандық және түрлік құрамы көрсетіледі, мынадай:

кесу үшін (ауру, кепкен);
қайта отырғызуға арналған;
өндемеген.

21. Дендрологиялық жоспардың ауқымы 1:10000.
22. Дендрологиялық жоспар электрондық және қағаз жеткізгіштерде жасалады және сақталады және уәкілдегі органның ресми интернет-ресурстарында жарияланады.
23. Дендрологиялық жоспар бес жылда бір рет жасалады және оны кейін уәкілдегі орган түзетеді.
24. Бес жыл өткен соң климаттық ерекшеліктерге, елді мекендердегі немесе оның бөлігінің жоспарлау құрылымы мен сәулелік бейнесінің қалыптасуына байланысты жаңа дендрологиялық жоспар жасалады және бекітіледі.
25. Шағын қалаларда (халық саны 50 мың тұрғынға дейін) өзгерістер болмаған кезде қолданыстағы дендрологиялық жоспарды қайта бекітуге жол беріледі.

4-тaraу. Жасыл екпелерді құру, күтіп-ұстau және қорғau жөніндегі шаралар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 12.07.2024 № 149 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Жасыл екпелерді құру, күтіп ұстau және қорғau өзара байланысты жұмыстардың мынадай кешендеріне бөлінеді:

- 1) ағаштарды, бұталарды, көпжылдық гүлдер мен бұталы қоршауды үш жылдық күтіммен (қажет болса топырақты ауыстыру арқылы) отырғызу;
- 2) бір жылдық гүлзарлар мен көгалдардың құрылышы;
- 3) ағаштарды кесу, қайта отырғызу;
- 4) үш жылдық күтімімен ағаштарды өтемдік отырғызу;
- 5) жасыл екпелерді күтіп-ұстau (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету);
- 6) жасыл екпелерді мониторингтеу, түгендеу.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 12.07.2024 № 149 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26-1. Жасыл екпелерді күтіп-ұстau (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету) келесіні қамтиды:

ағаштардың діңгек қуысын орнатумен және оларды қопсыту және арамшөптерден тазарту;

ағаш діңін ақтау;

бұталы қоршауды кесу, ағаштардың діңін көтеру, өскінді алып тастау;

шөп шабу, арамшөптерді жою;
жасыл екпелерді қымтау (ағаштар, бұталар, көпжылдық гүлдер);
бұқіл вегетациялық кезеңде жасыл екпелерді суару;
ағаш тәжін тәждеу;
ағаштардың тәжін қалыптастыру;
қаңқа және жартылай қаңқа бөліктерін сақтай отырып, ағаш-бұта өсімдіктерінің биологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып жасартатын кесу;
апатты, қураған ағаштар мен бұталарды санитарлық кесу, діңгектерді тамырымен жүзу;

тыңайтқыштарды қолдану;
жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен құресу;
құыстарды тазалау және пломбалау, аралау орындарын өндөу.

Ескерту. Шешім 26-1-тармақпен толықтырылды - Қостанай облысы мәслихатының 12.07.2024 № 149 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Жасыл екпелерді күтіп-баптау және қорғау:
- 1) жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде – уәкілетті орган жүзеге асырады;
 - 2) саябақтар мен скверлерде меншік иелеріне немесе меншік иесі уәкілеттік берген адамға жүктеледі;
 - 3) өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағында және басқа да меншік объектілерінде, сондай-ақ бөлінген және бекітілген аумақта және – осы объектілердің меншік иелеріне немесе пайдаланушыларына жүктеледі;
 - 4) құрылыш-монтаждау жұмыстарына бөлінген аумақтарда – тапсырыс берушіге жүктеледі.

28. Ағаштарды жасарту және тығыз өсетін ағаштарды сирету жөніндегі іс-шаралар вегетация басталғанға дейін немесе күздің сонында жүргізіледі.

29. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл бойы оларды сақтау, қорғау және қарқынды күтім жасау бойынша қажетті шараларды сақтай отырып жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді жерсінүі мақсатында, оларды құз басталғаннан бастап ерте көктемге дейінгі кезеңде қайта отырғызылады.

30. Жұмыстарды жүргізу кезінде құрылыш ұйымдары құрылыш салуға немесе құрылыш жұмыстарын жүргізуге бөлінген жер участкесінде орналасқан жасыл екпелердің сақталуын қамтамасыз ететін мынадай іс-шараларды орындаиды:

- 1) құрылыш алаңдарының қоршауы ағаштар мен бұталар олардың шегінен тыс қалатындей етіп орнатылады. Құрылыш алаңында қалған әр ағаштың немесе ағаштар тобының айналасында ағаштың діңі мен ұшарбасын зақымданудан сақтауды қамтамасыз ететін жеке қорғаныс жасалады. Ағашты-бұталы өсімдіктерді сақтау мақсатында төменгі және жоғарғы ұшарбастарды ішінара кесуге, діңгектерді байлауға, бұталардың ұшарбастарын байлауға жол беріледі;

2) сақталатын ағаштарды қоршауларды, шырактарды және өзге де заттарды бекіту үшін бағаналар ретінде пайдалануға және зақым келтіруге жол берілмейді;

3) ағаштардың тамырларын ашық тастауға және ағаш түбінің шенберлерін топырақпен, құрылыш материалдарымен және қоқыспен көмуге жол берілмейді;

4) жасыл екпелер ауданында жолдарды, тротуарларды және басқа да құрылыштарды реконструкциялау және салу кезінде бұрыннан барларға қарсы тік белгілерді өзгертуге жол берілмейді. Тамыр жүйесін шарасыздан толтыру немесе ашу керек болған жағдайда, жобалар мен сметаларда ағаштардың қалыпты өсу жағдайларын сақтау үшін тиісті құрылғылар қарастырылған;

5) машиналардың көгалдарда тұруына, құрылыш материалдарын жинап қоюға, жанар-жағармай материалдарын, лас қалдықтарды төгуге жол берілмейді;

6) кірме жолдар мен көтергіш крандарды орнатуға арналған орындар жасыл екпелерден тыс орналастырылады және ағаштардың орнатылған қоршауларын бұзбайды;

7) ағаштар мен бұталардың тамыр жүйесі аймағында қазу жұмыстарын тамыр жүйесіне зақым келтірмей, негізгі қаңқа тамырлары орналасқан жерден төмен жүргізеді ;

8) жаңа құрылстың барлық участкерінде жоғарғы өсімдік топырағын сақтайды, оны алып, құрылыш алаңының шеттеріне үйіп жинайды. Үйілген өсімдік топырағы аумақтарды көгалдандыру кезінде пайдаланылады және (немесе) көгалдандыру жөніндегі ұйымға беріледі.

31. Тротуарлар мен өтпе жолдарды асфальттау, төсеу, тақталармен жабу жұмыстарын жүргізу кезінде ағаштың айналасында кемінде диаметрі 1, 2 метр жақын аралық шенбер қалдырылады.

5-тaraу. Уәкілетті органның елді мекенниң аумақтарын көгалдандыру жөніндегі жұмыс жоспары

32. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда көгалдандыру, жасыл екпелерді отырғызу бюджеттің түрлі деңгейлері қаражаты есебінен, сондай-ақ өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүргізілуі мүмкін.

33. Ортақ пайдаланудағы аумақтарда көгалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін уәкілетті орган мынадай жұмыстардың бір түріне және/немесе бір мезгілде түрлеріне ақау актісін дайындайды:

1) жасыл екпенің мекенжайын (орналасқан жерін), түрін, оның сипаттамаларын (окпан диаметрі, биіктігі, жай-күйі және басқалары) көрсете отырып, болжанып отырған қураған ағашты кесу бойынша көлемді айқындау;

2) нақты участкеде жоспарланған жаңа жасыл екпелердің көлемін анықтау (жасыл екпенің түрі мен атауы, отырғызу мерзімі);

3) түрі мен сипаттамаларын, отырғызу мерзімдерін айқындай отырып, өтемдік жасыл екпелер орналасатын участекінде жоспарын айқындау;

4) ағаштың орналасқан жерін, көлемін (санын) көрсете отырып, түбірлерін қопарып қазып алу көлемін айқындау.

34. Уәкілетті орган жасыл екпелерді сатып алуға, оларды тасымалдауға, тыңайтуға, суаруға, топырақты тасымалдауға, механикаландыруға және жұмыс күшіне, сондай-ақ жаңадан отырғызылған жасыл екпелерді жерсіндіру үшін кейін күтіп-баптауға жұмсалатын шығындардың құнын айқындай отырып, еркін нысандағы ақау актісін іске асыру мақсатында жұмыс көлемін айқындау үшін шығындар калькуляциясын жасайды.

35. Инженерлік желілерге (электрмен жабдықтау, жарықтандыру, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау) қатысты жасыл екпелерді сирету және/немесе қураған ағаштарды кесу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде кемінде үш жұмыс құні бұрын инженерлік желілердің меншік иелерімен жұмыстарды орындау мерзімдері келісіледі және жұмыстардың уақыты мен ұзақтығын көрсете отырып, участекедегі болжамды жұмыстар туралы халыққа, кәсіпорындар мен ұйымдарға бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер немесе ұялы байланыс арқылы хабарланады.

6-тарау. Ағаштарды кесу тәртібі

36. Құрылыш салуга немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінген участеклерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, егер бұрыннан бар жасыл екпелер түрғын үй құрылышы ғимараттарын қоса алғанда, басқа да құрылыштар үшін қатер төндіретін болса, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.

37. Ағаштарды кесу:

1) бекітілген және келісілген қала құрылышы құжаттамасында көзделген құрылыш қызметін, құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету;

2) инженерлік абаттандыру обьектілеріне қызмет көрсету, инженерлік желілерді, жерасты және жерусті коммуникацияларды реконструкциялау және салу;

3) авариялық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру обьектілерінде жою;

4) бұрыннан бар обьектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттілігі;

5) адамдардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ жеке және занды тұлғаның мүлкіне залал келтіретін ағаштарды санитариялық кесу жағдайларында жасалуы мүмкін;

6) ағаштар мен бұталар ортақ пайдаланудағы жерлерде өсіп түрған жағдайларда жүзеге асырылады.

38. Ағаштарды кесуді рұқсат беру рәсімдеріне сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша осы жер участекіне қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді.

Уәкілетті орган халықтың өміріне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 "Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Өсімдіктер сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген жасыл екпелерді кесуге рұқсат берілмейді.

39. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда және ғимараттарға, құрылыштарға, көп қабатты түрғын үйлерге іргелес аумақтардағы желдің және табиғи сипаттағы өзге де жағдайлардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде ағаштар авариялық құлаған жағдайда, құлаған ағаштарды жинауды, сол жерлерді уақтылы тазалауды және ағаш қалдықтарын шығаруды қызмет көрсететін участекер бойынша ұйымдар жүзеге асырады.

40. Авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу:

ағаштардың, сондай-ақ олардың бұтақтарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен құрылыштардың, коммуникациялардың және желілердің бүлінуіне қауіп төндірген;

жол қозғалысы қауіпсіздігіне кедергілер, оның ішінде жол белгілерін визуалды шолуды жабатын кедергілер болған, жол белгілерін ауыстыру мүмкігі болмаған жағдайларда жүргізіледі.

41. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу фактісі авариялық-құтқару қызметінің күәландыру актісімен белгіленеді, кейін уәкілетті органға мәжбүрлі түрде кескен сәттен бастап үш жұмыс күн ішінде хабарланады.

42. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда ағаштарды санитариялық кесуді уәкілетті органмен жазбаша келісім бойынша осы жер участекіне қызмет көрсететін көгалдандыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді.

43. Ағаштарды кесу Рұқсат беру туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша, Жасыл екпелер тізіліміне сәйкес ағаштардың сандық, тұқымдық құрамын, жай-күйі мен орналасқан жерін дәл анықтау үшін уәкілетті орган маманының алдын ала ағашты кескен жерге баруы және Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісін толтыруы арқылы жүзеге асырылады.

44. Жеке және занды тұлғалар ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде осы осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кесілген ағаштардың орнына өтемдік отырғызу туралы кепілдік хат береді.

45. Кесілген жасыл екпелер мен кесілген қалдықтарды (жонқалар, бұтақтар, жапырақтар, қабықтар) жұмыс жүргізілетін жерде жинауға және сақтауға жол берілмейді.

7-тaraу. Ағаштарды отырғызу, қайта отырғызу және өтемдік отырғызу тәртібі

46. Өтемдік отырғызу жасыл екпелерді алынып тасталған (кесілген) участкеде не дендрологиялық жоспарда (көгалдандыру жоспарында) айқындалған участкелерде отырғызу болып табылады.

Мұддесінде жасыл желектерді алып тастау (кесу) жасалған не олардың кінәсінен осы екпелердің зақымдануы немесе құрып кетуіне жол берген жеке және (немесе) занды тұлғалардың қаражаты есебінен өтемдік отырғызу жүргізіледі.

47. Мұддесінде жасыл желектерді алып тастау (кесу) жасалған не олардың кінәсінен осы екпелердің зақымдануы немесе құрып кетуіне жол берген жеке және (немесе) занды тұлғалар өтемдік екпелерге:

ағаштар мен бұталарға: қылқан жапыракты тұқымдастарға – үш жыл бойы, жапырақты тұқымдастарға – екі жыл бойы;

шөптесін өсімдіктерге – бір жылдың вегетациялық маусымы ішінде күтім жасауды қамтамасыз етеді.

48. Өтемдік отырғызу осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген күтім жасау мерзімі өткенге дейін құрып кеткен жағдайда, жеке және (немесе) занды тұлғалар жасыл екпелерді қайта отырғызуды және оларға күтім жасауды жүзеге асырады.

49. Жеке және занды тұлғалар өз қаражатына жасыл екпелерді отырғызуды жүзеге асырғаннан кейін орындалған іс-шаралар туралы деректерді береді, ал уәкілетті орган жасыл екпелерді қабылдайды және оларды Жасыл екпелерді есепке алу жөніндегі тізілімге енгізеді.

50. Жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сәйкес қайта отырғызуға жататын ағаштар уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына сәйкес көрсеткен участкелерге қайта отырғызылады.

51. Жеке және занды тұлғалар ағаштарды қайта отырғызған кезде өтемдік отырғызу жүргізілмейді.

52. Егер қайта отырғызылған ағаштар құрып қалған жағдайда, осы Қағидалардың 58 -тармағының талаптарына сәйкес өтемақының он еселенген мөлшері белгіленеді.

53. Ағаштарды қалпына келтіру қала мен елді мекеннің өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес, қажет болған жағдайда топырақты құнарлы топыраққа ауыстыра отырып, арнайы участкелерде жүргізіледі.

54. Ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде қалпына келтірілетін ағаштарды олардың мұддесі үшін кесу жүргізілген азаматтардың және занды тұлғалардың қаражаты есебінен он есе мөлшерде өтемдік отырғызу жүргізіледі.

55. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда өтемдік отырғызу және күтіп-баптау және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды өз штатында көгалдандыру саласындағы мамандары бар көгалдандыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді.

Өтемдік отырғызу кезінде бір жылдың көшеттерді пайдалануға жол берілмейді.

56. Өтемдік отырғызулар мынадай мөлшерлерде:

1) Рұқсаттар туралы заңына сәйкес жергілікті атқарушы органның рұқсаты бойынша жасыл екпелер кесілген, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе пайдалануындағы ғимараттарға, құрылыштарға іргелес аумақта олар құрып кеткен кезде – он еселенген мөлшерде;

2) жасыл екпелер заңсыз алынып тасталған (кесілген) кезде не олардың құрып кетуіне алып келген бүлінуі кезінде – елу еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.

57. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдік түрлерінің тізбесіне енгізілген жасыл екпелер заңсыз алынып тасталған (кесілген) немесе олардың құрып кетуіне алып келген бүлінген жағдайда – бір жұз еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.

58. Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін "Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 265 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33476 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті орган есептейді.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 12.07.2024 № 149 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған қуннан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

59. Ағаштарды өтемдік отырғызу кесегімен биіктігі кемінде 2,5 метр жапырақты ағаш көшеттерін немесе кесегімен биіктігі кемінде 2 метр қылқан жапырақты ағаш көшеттерін отырғызу арқылы жүргізіледі.

Көшеттердің жоғарғы тамыр жүйесінен діңінің диаметрі 3 сантиметрден кем емес болуы, дің бөлігінің 1,3 метр жоғары болуы қажет.

60. Ағаштарды кесу кезінде өтемдік отырғызу уәкілетті органның рұқсаты бойынша және (немесе) ағаштарды заңсыз кесу, алып тастау немесе бұлдіру кезінде кесу, ағаштарды жою немесе бұлдіру орнынан 1 километр радиуста аумақта жүргізіледі.

Өтемдік отырғызу үшін кесу орнынан 1 километр радиуста бос орын болмаған кезде өтемдік отырғызу аумағын уәкілетті орган жазбаша түрде көрсетеді.

61. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу кезінде өтемдік отырғызу көгалдандыруды, көгалдандыру жөніндегі ұйымды тарта отырып, ортақ пайдаланудағы жерлерде жүргізіледі.

62. Өтемдік ағаш отырғызу дендрологиялық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

63. Жол-көлік оқиғасы салдарынан ортақ пайдаланудағы жерлерде және жеке аумақтарда өсетін жасыл екпелер механикалық зақымданған немесе жойылған

жағдайда кінәлі тарап көшеттер отырғызу арқылы бүлінген немесе алынып тасталған екпелерді бес есе өтемдік қалпына келтіруді жүргізеді.

64. Өтемдік ағаш отырғызу жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін жеке және занды тұлғалар бір ай ішінде уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындалғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

65. Кепілдік хатқа сәйкес жеке және занды тұлғалар өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) осы Қағидалардың 26-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес көшеттерді күтіп-ұстай және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

66. Өтемдік отырғызуды орындаған жеке және занды тұлғалар уәкілетті органмен бірлесіп, осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасыл екпелердің жерсіну актісін жасайды және одан әрі күтіп-ұстай үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының тәңгеріміне береді.

67. Уәкілетті орган өскен ағаштарды Жасыл екпелер тізіліміне енгізеді.

68. Өтемдік отырғызу кезінде отырғызылған көшеттер құрап қалған жағдайда, кесу тұлғалардың мұддесінде жүргізілген болса, олар жасыл екпелерді қайта отырғызуды жүргізеді және қайта отырғызу жүргізілген сәттен бастап үш жыл бойы (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) оларды күтіп-ұстай және қорғау жөніндегі одан әрі іс-шараларды қамтамасыз етеді.

Қостанай облысының
жасыл екпелерді жасау,
күтіп-балтау және
корғаудың қағидаларына
1-қосымша

Нысан

ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАСЫЛ ЕКПЕЛЕР ТІЗІЛІМІ

Жасыл екпелер объектілерінің (учаскелерінің) алаңын жердің санатына, өсімдіктің түрлеріне, функционалдық мақсатына қарай бөлу

Қала/елді мекен _____

Жауапты иесі: _____

Жасыл екпелер тізілімі

Кесте

Ретімен (р/с) Р/с № түген- деу/ жасыл екпе паспор- тының №	Жердің функцио- налдық мақсаты (екпелер санаты)	Ағаш өсімдігі		
		Тоғайлар, алқаптар, дана	Жол бойын- дағы екпелер, дана	Жиыны, дана

Бірлі-жарым ағаштар, дана	Топтар, куртиналар, дана			
---------------------------------	--------------------------------	--	--	--

Бұталы өсімдіктері

Бірлі-жарым, дана	Бұталы қоршау, кума метр	Катарлап отырғызу, дана	Топтық отырғызу, дана	Барлығы кума метр/ дана
----------------------	-----------------------------------	-------------------------------	-----------------------------	----------------------------------

Ашық кеңістіктер

Гүлзарлар			Көгалдар						
Жазғы , шарш ы , метр (Көпж ылдық	Контей- нерлік, дана	Вазон, м ²	Альпи- нарий, рокарий, м ²	Жиын ы м ² / дана	Парте- рлік, м ²	Кәдім гі, м ²	Жер қырты сының жамы лғысы , м ²	Жиын ы м ² / дана
м ²)									

Қостанай

облысының жасыл

екпелерді жасау,

күтіп-баптау және

корғаудың қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Жасыл екпелерді зерттеп-қарастыру актісі 20_ж. "___"

Кесте

Р/с №	Жасыл екпелер дің табиғи құрамы	Сакталады			Рұқсатпен кесу			Рұқсатсыз кесу		
		дана	жасы, жылы	дің диаметрі , сантиме- тр	дана	жасы, жыл	дің диаметрі , сантиме- тр	дана	жасы, жыл	дің диаметрі , сантиме- тр
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2										
Барлығы:										
Қорытынды										

кестенің жалғасы

Қайта отырғызу, сирету (жасарту)			Санитариялық кесу			Сапалық (нақты жай-күйі)	Залалды өтөу мөлшері, бірлік	Залалды өтөу мөлшері бойынша залалдың сомасы	Өтемдік қалпына келтіру, дана
дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см	дана	жасы, жыл	дің диаметрі, см		AEK	тенге	

Осы акт _____ данада жасалды.

Ескертпе: Зерттеп-қарау актісі жасыл екпелерді кесуге немесе қайта отырғызуға құқық беретін құжат болып табылмайды.

Жеке немесе занды тұлғаның өкілі _____ қолы (Т.А.Ә.)

(мөрі бар болса)

Үәкілетті органның лауазымды адамы _____ қолы (Т.А.Ә.)

(мөрі бар болса)

Қостанай
облысының жасыл
екпелерді жасау,
күтіп-баптау және
корғаудың қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы
органның
(облыстың, ауданының,
облыстық маңызы
бар қаланың)
басшысы

(тегі, аты, ол бар болған
жағдайда әкесінің аты,
мемлекеттік органның
атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты,
ол бар болған жағдайда
әкесінің аты не көрсетілетін
қызметті алушы
занды тұлға
ұйымының атауы)
және (немесе)
сенімхат бойынша)

_____ (ЖСН/БСН)

Мекенжайы _____

(занды мекенжайы немесе
түрғылықты жері) байланыстар
_____ (электрондық

мекенжайы, телефон)

Кепілдік хат

(жеке немесе занды тұлғаның атауы) ағаштарды кесуге рұқсат алған сәттен бастап алты ай ішінде _____ дана қөлемінде өтемдік ағаш отырғызууды жүргізуге кепілдік береді, _____ тұқымдылар, ағаштардың орнына _____ дана, _____ үшін кесілетін тұқымдар _____ мекенжайы бойынша:

(себебі көрсетіледі)

20 ____ жылғы "___" ___

жасыл екпелерді зерттеп-қарау актісіне сәйкес.

Отырғызылған көшеттер құрап қалған жағдайда, қайта отырғызуға кепілдік береді.

Өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсінү кезеңі) осы Қағидалардың 26-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес көшеттерді күтіп-ұстай және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге және үш жыл өткеннен кейін оларды ағаштардың жерсінү актісі негізінде жергілікті атқарушы органның тенгеріміне беруге кепілдік береді

(жеке немесе занды тұлғаның атауы)

Жасыл екпелерді күтіп-ұстай және қорғау қағидаларын бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 381-1 және 386-баптарына сәйкес жауапкершілікке тартылатыны хабарланды.

Күні: 20 ____ ж. "___" _____

Басшының Т.А.Ә. және қолы (мөрі бар болса)

Қостанай
облысының жасыл
екпелерді жасау,
күтіп-баптау және
қорғаудың қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Жасыл екпелердің жерсінү актісі 20 ____ жылғы "___" ___

Отырғызылған жасыл екпелердің мекенжайы:

Занды және жеке	Рұқсаттың немесе келі-	Кесілген ағаш-	Қайта отырғызылған ағаш-	Өтемдік немесе бастама-шылық	Жағдайы	Калпына келтіруге арналған

№	тұлға- лардың атауы	судің нөмірі мен күні	тардың саны, дана	тардың саны, дана	отырғызу , дана тұқымы	Тамыр алды, дана	Тамыр алмады, дана	көшеттер саны, дана	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1									

Корытынды:

Жеке немесе занды тұлғаның өкілі

(Т.А.Ә., қолы) (мөрі бар болса)

Үәкілетті органның лауазымды адамы

(Т.А.Ә., қолы) (мөрі бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК